

Қазақстанның тауар айналымына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың нәтижелері


Негізгі тенденциялар

- 2025 жылы ҚР сыртқы саудасы айналым тұрақтылығын сақтап (\$143,9 млрд-қа дейін, +1,3%), алайда теңгерім құрылымы сапалық жағынан өзгерді.
- Экспорттың төмендеуі (-3,2%) мен импорттың жеделдеуі (+7,4%) қатар орын алып, сауда профицитінің бір жыл бұрынғы \$21,3 млрд-тан \$14,2 млрд-қа дейін айтарлықтай қысқаруына (-33,3%) әкеп соқты.
- Экспорттық жеткізілімдердің қысқаруына негізгі үлес қосқан — минералдық сектор (-\$3,3 млрд), ол экспорттық түсімнің басты көзі болып қала береді. Экспорттық кірістердің төмендеуі баға конъюнктурасының нашарлауымен түсіндіріледі (мәселен, 2025 жылы Brent маркалы мұнайының бағасы шамамен 20%-ға арзандады).
- Көлік құралдары экспортының да айтарлықтай төмендеуі (-\$968,7 млн) байқалады. Бұл сыртқы сұраныстың әлсіреуін және сыртқы нарықтардағы бәсекелестік қысымның күшеюін көрсетуі мүмкін.
- Шикізат экспортының төмендеуі шикізаттық емес секторлармен салыстырғанда анағұрлым айқын болғандықтан, экспорт құрылымында шикізаттық емес компоненттің үлесі статистикалық тұрғыда өсті — 35,2%-дан 36,4%-ға дейін. Бұл өсім өңдеуші салалардың нақты дамуын емес, тек құрылымдық әсерді көрсетеді.
- Дегенмен, жануарлар мен өсімдік текті өнімдер жеткізілімінің ұлғаюы (+\$2,0 млрд: дәнді дақылдар, майлы тұқымдар, дәрілік өсімдіктер, мал азығы және т.б.) жалпы төмендеуді ішінара өтеді. Бұған азық-түлік тауарларына әлемдік бағаның өсуі (FAO индексі +4,3 п.т.) мен экспорттық тасымал көлемінің артуы (+39%) септігін тигізді.


- Импорт құрылымындағы өсімнің негізгі драйверлері — көлік құралдары (+\$3,0 млрд), жануарлар мен өсімдік текті өнімдер (+\$695,4 млн: какао, майлар, сүт өнімдері, алкогольді және алкогольсіз сусындар) және химия өнеркәсібінің өнімдері (+\$652,7 млн).
- Мұндай динамика отандық шикізаттық емес өндіріс ұсынысының шектеулі күйінде қалуы аясында ішкі сұраныстың артқанын көрсетеді. Жеңіл автокөліктердің орташа бағасының төмендеуі (₸7,2 млн-нан ₸6,2 млн-ға дейін) сатып алуды ынталандырып, көлік импорты өсімінің қосымша факторына айналды.
- Алайда басқа да негізгі тауар позицияларының көпшілігі бойынша келісімшарттық бағалардың өсуі тіркелді: шоколад пен какао өнімдері (тоннасына +₸888,2 мың), үй жиһаздары (тоннасына +₸664,1 мың), тоңазытқыш жабдықтары (тоннасына +₸296,3 мың) және т.б. қымбаттады (төменнен қараңыз).
- Бұл ретте сауда серіктес елдеріндегі жалпы инфляция деңгейі Қазақстанға қарағанда төмен болды (төменнен қараңыз). Шетелдегі жалпы инфляцияның қалыпты болуына қарамастан, дәл осы жекелеген тауар санаттарының қымбаттауы импорт арнасы арқылы ішкі бағаларға қысым жасады.
- Осылайша, 2025 жылы таза экспорттың қысқаруы жалпы ЖІӨ-ге теріс әсерін тигізді, валюталық түсімдердің ағысын азайтты, ағымдағы шотқа қысымды күшейтті және бағамдық күтулердің сыртқы конъюнктураға сезімталдығын арттырды.

Қазақстанның тауар айналымы

Жиынтық тауар айналымы, млрд доллар




2025 жылдағы 10 ең ірі серіктестермен тауар айналымы*




Экспорт және импорт құрылымы

Экспорт құрылымы, млн доллар



Импорт құрылымы, млн доллар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

* 2025 жылғы ҚР СЖРА ҰСБ алдын ала деректеріне сәйкес


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Қазақстандағы инфляцияға тауарлар бағасының өсуінің әсері

Шетелден әкелінетін тауарлар бағасының өзгерісі, (мың теңге)




Инфляция және тауар айналымының динамикасы



Тауарлар мен қызметтердің жиынтық айналымы және шикізаттық емес экспорт

Тауарлар мен қызметтердің жиынтық айналымы



Дайын өнімдер экспортының динамикасы



Дереккөз: ҚРҰББ, РФОБ, EuroStat, ҮСБ, ҚР СЖАР

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

2025 жылы экономикалық өсімнің жеделдеуіне қарамастан, сыртқы сауда динамикасы құрылымдық әлсіреу белгілерін көрсетіп отыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша импорт \$64,8 млрд (+4,4 млрд доллар), ал экспорт – \$79,0 млрд (-2,6 млрд доллар) деңгейінде қалыптасты. Нәтижесінде сыртқы сауданың оң сальдосының үштен бірге (+\$14,2 млрд-қа дейін) қысқаруына және экспорттық сектордың ЖІӨ өсіміне қосқан үлесінің әлсіреуіне әкеп соқты. Сауда балансының профициті өткен жылғы ЖІӨ-ге шаққандағы 7,3%-бен салыстырғанда 4,6%-ға дейін төмендеді.

Осылайша, экономикалық өсімнің құрылымы ішкі сұраныс пен инвестициялар жағына қарай ойысуда, ал сыртқы сектордың рөлі біртіндеп төмендеп келеді. Бұл макроэкономикалық тұрақтылық теңгерімін өзгертеді.

Экспорттың шикізаттық шоғырлануы жоғары және жекелеген секторлардың импортқа тәуелділігі жағдайында бұл экономиканың сыртқы бағалық және бағамдық шоқтарға сезімталдығын арттырады. Сонымен қатар, экономиканың тұрақты ұзақ мерзімді өсімінің негізгі шарты ретінде экспортты әртарапандыруды жеделдету мен импортқа тәуелділікті төмендетудің маңыздылығын күшейтеді.

Үкіметтің болжамы бойынша, 2026 жылы экспорт \$77,1 млрд-қа дейін азаюы мүмкін, ал импорт, керісінше, \$67,7 млрд-қа дейін артады. Бұл жағдайда сауда балансының профициті \$9,4 млрд-қа дейін төмендейді, бұл оның 2025 жылғы деңгеймен салыстырғанда тағы үштен бірге қысқаруын білдіреді. Мұндай траектория сыртқы позицияның одан әрі әлсірейтінін, валюта нарығына қысымның артатынын және қолайсыз сыртқы конъюнктура жағдайында Ұлттық Банктің халықаралық резервтеріне түсетін салмақтың әлеуетті өсуін көрсетеді.